

14-дәріс. Египет музейлері. Сайт-музейлер.

Мақсаты: студенттерге Египет музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Каир музейі
2. Сайт-музейлер

Кілт сөздер: Каир, пирамида, музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Каир музейі – Ежелгі Египет жеріндегі ежелгі өркениеттің үшмыңжылдық тарихын қамтитын, 120 000 бірліктен асатын қор коллекциясын сақтап отырған ірі музей. Музей ғимараты қала орталығындағы Тахрир алаңында орналасқан, 1900 жылы неоклассикалық үлгіде француз архитекторы Марсель Дюонның жобасымен салынған. Музей көпшілік үшін 1902 жылы ашылған. 1835 жылы Египет үкіметі тарихи-мәдени құндылықтарды тонауға қарсы құрған «Ежелгі Египет қызметі» атты мекеме құрған, аталмыш мекеме қызметі Каир музейінің қалыптасуына негіз болған. Кезінде Египет құндылықтарының көбі қолды болған, әсіресе ХІХ ғасырда жергілікті тұрғындар антиквар лавкаларына тоналған ежелгі бұйымдарды жиі шығарған, Музей тарихы сондай-ақ француз египтологы Лувр музейінің Египет департаментінің қызметкері Огюсть Мариэт (1821-1881) есімімен тығыз байланысты. Ол 1850 жылы Каирге Лувр музейіне бірнеше папирустар алып кетуге келеді. Сол кезден бастап Египет құндылықтарын өз жерінде сақтайтын мекеме ашуға бар күшін салған. Мариэттің өзі зерттеу жұмысына қатысып сфинкстар аллеясын немесе Саккардағы Сарапеумді тапқан. Ғалымның денесі осы жердегі гранит саркофак астында жатыр. Музей алдында ғалымға ескерткіш орнатылған.

Музей экспозициясы Аменхотеп III мен оның әйелі Тидің, Хеопс пен Микериннен (б.э.д. XXVI ғ. басы) Птоломейге (б.э.д. IV ғ.) дейінгі фараондар мүсіндерінен басталады.

1922 жылы Луксор қаласы маңындағы Патшалар жазығынан табылған Тутанхамон фараонның қабірінің қазыналары ХХ ғасырдың археологиялық жаңалығы болды. Тутанхамон қазынасының молдығы сонша оны Египет музейіне алып келуге 5 жыл уақыт кеткен. Қабірханадағы өнер туындыларының саны 3500 бірліктен асады, оның 1700-і экспозицияға шығарылған. Экспозициядағы үш алтын саркофақтың бірінің салмағы 110 кг. Тутанхамонның о дүниелік маскасы оның 18 жастағы бет бейнесінің айқын көрінісі. Тутанхамон отырған алтын жалатылған, асыл тастармен әшекейленген, арыстанның басы бейнеленген тақ та теңдесі жоқ экспонаттың бірі.

Патша мумиялары залында 11 фараон мумиясы қойылған, олардың қатарында Рамсес II, Тутмос II, Сети I бар, мумия витринасы Патшалар жазығындағы қабірханалар түрінде берілген.

Музейдегі Амарн дәуірінің (б.э.д. XIV ғ.) өнер туындылары - Тутанхамонның әкесі Аменхотеп IV билігімен тығыз байланысты. Ол ата-

баларының көп құдайға табынуынан бас тартып, еліне бір құдайға табынуды күн құдайы Атон культін енгізген, сол себепті жаңа Эхнатон атына ие болған. Оның жоғары эстетикалық талғамы жаңа «амарн» өнер стилін алып келген.

XIX ғасырдың аяғында Рим некрополи Фаюм оазисінде жүргізілген археологиялық қазба жұмысынан табылған портреттер экспозициясы ерекше көз тартады. Олар адамдардың тірі кезінде ағаш тақтаға балауызбен салынып, қабырғаға ілінген, өлген соң мумия бетіне қойылған. Сондай-ақ музей келесідей құндылықтарды экспозициялайды:

- Аахотеп патшайым, Та II Секенер фараонның жұбайы, Камос және Яхмос I фараондардың анасы әшекейлері;
- Та II Секенер, Яхмос I, Аменхотеп I, Тутмос I, Тутмос II, Тутмос III, Сети I, Рамсес II, Рамсес III, Аменхотеп II, Тутмос IV, Аменхотеп III, Мернептах, Сети II, Рамсес IV, Рамсес V, Рамсес VI фараондардың мумиялары;
- Амон абыздарының мумиясы мен саркофактары;
- Тутмос III, Тутмос IV, Аменхотеп III және Хоремхеб қабірханалары қазыналары;
- Хеопстың анасы Хетепхерес I патшайымның заттары;
- Ахетатон сарайынан табылған Эхнатон билігі дәуірінің заттары;
- Танаистен табылған 21, 22 династияларға тиесілі заттар, соның ішінде Пусеннес I фараонның о дүниелік маскасы;
- Гиза, Саккар, Бубаст, Гелиополь, Асуан және Нубиядан табылған археологиялық бұйымдар.

Әдебиеттер:

Островский А.В. История цивилизации. –Спб., 2000.

www.all-world.com.ua

muzei-mira.com/muzei_e